



БЕКІТІЛДІ

**«М.Х. Дулати атындағы Тараз
университеті» КЕ АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен (26.05.2025
жылғы № 3 хаттама)**

**«М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНА ЖОҒАРЫ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ
ЕРЕЖЕСІ**

1. Қолданылу саласы

1.1. Осы ереже «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Дулати Университеті) қабылдау тәртібіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2. Дулати университеттің осы ережесі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша маман даярлауда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

2. Нормативтік сілтемелер

Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы;
- 2) Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы;
- 3) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қолданыстағы (толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) бұйрығы (бұдан әрі – қабылдаудың үлгілік қағидалары);
- 4) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 «Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру туралы сертификат беру» Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығы» (бұдан әрі – ҰБТ өткізу Қағидалары);
- 5) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекіту туралы бұйрығы;
- 6) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 «Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (бұдан әрі – КТ өткізу Қағидалары);
- 7) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 247 «Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау квотасы көзделген ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары топтарының тізбесін бекіту туралы» бұйрығы;
- 8) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 134 «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының ұқсас топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім

беру мамандықтарының сәйкестігіне әдістемелік ұсынымдарды айқындау туралы» *(толықтырулар мен өзгертулер енгізілген)* бұйрығы;

9) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі № 193 бұйрығымен бекітілген 2024-2025, 2025-2026, 2026-2027 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білмі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы.

3. Белгілер мен қысқартулар

Ережеде келесі белгілер мен қысқартулар қолданылды:

- 1) ҚР – Қазақстан Республикасы;
- 2) ҰБТ – ұлттық бірыңғай тестілеу;
- 3) КТ – кешенді тестілеу;
- 4) ҰТО – ұлттық тестілеу орталығы;
- 5) ЖЖОКБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;
- 6) ҚК – қабылдау комиссиясы;
- 7) Дулати университеті – «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 8) ҚР ҒЖЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- 9) Қабылдаудың Үлгілік қағидалары – «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 қолданыстағы *(толықтырулар мен өзгертулер енгізілген)* бұйрығымен бекітілген.

4. Жалпы ережелер

4.1. Осы Дулати университетіне жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдаудың Ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және Дулати университетіне оқуға қабылдау және "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайды.

4.2. Дулати университетіне адамдарды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

4.3. Дулати университетіне магистранттарды, докторанттарды қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

4.4. Дулати университеті 1-қосымшада және dulaty.kz ресми сайтында көрсетілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдау жүргізеді.

4.5. Осы ережеде қарастырылмаған кейбір жайттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес іске асырылады.

5. Дулати университетіне жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі

5.1. Дулати университетіне жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

5.2. Дулати университетіне Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға адамдарды қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша **қабылдаудың Үлгілік қағидаларымен** айқындалатын шекті балл алған кезде жол беріледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші **қабылдаудың Үлгілік қағидаларымен** айқындалатын шекті бал саны бар екі ҰБТ-ның нәтижесінің біреуімен қатыса алады.

5.2.1. Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) халықаралық сертификаттары бар тұлғалар қалауы бойынша ҰБТ-да "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

SAT (ЭсЭйТи – CAT), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар **қабылдаудың Үлгілік қағидаларының 1/2-1-қосымшаға** балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

5.3. Дулати университеті Заңның 43-1 бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес университеттің білім беру бағдарламалары тобының даярлық ерекшеліктерін ескере отырып, түсушілер үшін **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көрсетілген шекті балдан кем емес өту балын осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес айқындайды.

5.4. Дулати университетіне техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

«Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар жоғары білімнің білім беру бағдарламалары на қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды Дулати университетінің қабылдау комиссиясы әңгімелесу (сұхбаттасу) негізінде жүзеге асырады.

Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде Дулати университетіне оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде Дулати университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу (сұхбаттасу) нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде Дулати университетінің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу (сұхбаттасу) нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

5.5. Шетел азаматтарын ақылы негізде Дулати университетіне қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу (сұхбаттасу) нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте

шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Бұл ретте шетелдік азаматтарды ақылы негізде қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен ЖЖОКБҰ-лар жүзеге асырады.

5.6. Дулати университетіне оқуға түсу кезінде Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 бұйрығымен бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы қарастырылады.

5.7. Дулати университетіне түсушілерді қабылдау Заңның 26-бабының 8-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5.8. Дулати университетінің Басқарма Төрағасы - Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына университет басшысы, проректорлар (басшының орынбасарлары), университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы құрамының саны тақ санды құрайды. Қабылдау комиссиясының төрағасы Дулати университетінің Басқарма Төрағасы - Ректор болып табылады. Дулати университетінің Басқарма Төрағасы - Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

Бұл ретте, Дулати университеті келесі жағдайларда:

1) білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және күшін жою туралы шешім қабылдағанда;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдары мен әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда институционалды аккредиттеу болмағанда, және ол тоқтатылғанда, қайтарылғанда не жарамдылық мерзімі өткенде;

3) мемлекеттік бақылау нәтижесі және (немесе) оның қорытындысы бойынша сот ісі кезеңінде өрескел қате анықталғанда;

4) тиісті білім беру бағдарламаларының тобына Білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламалары реестрінде білім беру

бағдарламасы болмағанда немесе алынып тасталғанда қабылдауды іске асырмайды.

6. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

6.1. Дулати университетіне арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде «Педагогика ғылымдары» білім беру саласы бойынша оқуға қабылдау арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

6.2. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін Дулати университетінің Басқарама Төрағасы - Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссияның құрамына Дулати университетінің өкілдері оның ішінде, профессорлық-оқытушылық құрамның қатарынан, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. «Өнер» және «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» бағытының шығармашылық емтихандар бойынша комиссия құрамына тиісті бейінді білімі бар, мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған адамдар кіреді. Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен емтихан комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

6.3. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу **қабылдаудың Үлгілік қағидаларының 1/1-қосымшаға** сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдар арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін Дулати университетінің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ сертификаты (бар болса);

5) «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса) тапсырады.

6.4. Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау және шығармашылық емтихандарды өткізу Дулати университетінің қабылдау комиссиясында **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көрсетілген мерзімге сәйкес жүзеге асырылады.

6.5. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Қабылдаудың Үлгілік қағидаларының 1/2-қосымшаға сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

6.6. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілерден құжат қабылдау және арнаулы емтихан өткізу **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көрсетілген мерзімге сәйкес жүзеге асырылады.

6.7. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсетін тұлғалар республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін шығармашылық емтиханды Дулати университетінде тапсырады, ақылы негізде оқуға түсушілерді қоспағанда.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші адамдар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

6.8. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша түсуші адамдар ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша түсуші адамдар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша «Педагогикалық

ғылымдар» білім беру саласы бойынша түсуші адамдар үшін жалпы бейіндік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

6.9. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын Дулати университетінің тиісті құрылымдық бөлімдері әзірлейді және қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

6.10. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және университеттің ресми сайтында (**dulaty.kz**) жарияланады.

6.11. Оқуға түсуші арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Бұл ретте арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

6.12. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

6.13. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар **қабылдаудың Үлгілік қағидаларына** сәйкес бағаланады.

6.14. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

6.15. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

6.16. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнаулы емтиханның нәтижелері бойынша түсушіге арнаулы емтихан тапсыру орнына қарамастан ЖЖОКБҰ-ға ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан үзінді беріледі .

6.17. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Дулати университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

6.18. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

6.19. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

6.20. Дулати университеті республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде оқуға қабылдау үшін қосымшаны, арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның қорытындысының қосымшасын, арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

7. Дулати университетіне жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау тәртібі

7.1. Дулати университетіне қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге (университеттің қабылдау комиссиясы арқылы) немесе www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы қабылдау Үлгілік қағидаларының 1/3-қосымшаға сәйкес "Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Қабылдау комиссиясының техникалық хатшылары құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не

қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Қабылдау комиссиясының техникалық хатшылары олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге университетке оқуға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы университеттің қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көрсетілген мерзімде ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін Дулати университеті Басқарма Төрағасы - Ректор көрсетілетін қызметті алушыны Дулати университеті студенттерінің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Университет Негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

7.1.1. Университет «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

7.1.2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша университет шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Дулати университетінің Басқарама Төрағасы – Ректордың атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін Дулати университетінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

7.1.3. Түсушілерді республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе ақылы негізде қазақ, орыс немесе ағылшын

тілдерінде оқу үшін Дулати университетінің студенттері қатарына қабылдауды Дулати университетінің Басқарама Төрағасы - Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен Дулати университетінің қабылдау комиссиясы **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көрсетілген мерзімге сәйкес өткізеді.

7.2. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді және «Педагогика ғылымдары» білім беру саласындағы үміткерлерді қоспағанда, **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша), бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар Дулати университетінің күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

Дулати университетінде жаңа оқу жылы аяқталғанға дейін осы тұлғалар ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

Қабылдаудың Үлгілік қағидаларында белгіленген шекті балды қайта жинамаған адамдар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша Дулати университетінен шығарылуға жатады.

7.3. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік алған адамдар университетке қабылдау жөнінде өтініш береді және университет Басқарма Төрағасы - Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студент қатарына қабылданады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-ға қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде Дулати университетіне оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33291 болып тіркелген) бекітілген Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345

болып тіркелген) бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

7.4. № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** белгіленген шекті балды жинаған адамдар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімі бар оқуға түсушілер құжаттарды университеттің қабылдау комиссиясына ұсынады.

Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін Басқарама Төрағасы – Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Дулати университетіне қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер **Қабылдаудың Үлгілік қағидалардың** белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

7.5. **Қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көзделген ҰБТ-ның нәтижелері бойынша белгіленген шекті балды жинаған адамдар Басқарама Төрағасы – Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты мен уәкілетті адамның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Қабылдаудың Үлгілік қағидалардың белгіленген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушіден құжат қабылдамайды.

7.6. Дулати университетіне қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша қабылдау арнаулы емтихан бойынша нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

7.7. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде университеттің студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

7.8. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

7.9. Қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға Дулати университетіне студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

8. Дулати университетіне жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдаудың тәртібі

8.1. Дулати университетіне магистранттарды, докторанттарды қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте, Дулати университеті келесі жағдайларда:

1) білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және күшін жою туралы шешім қабылдағанда;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдары мен әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда институционалды аккредиттеу болмағанда, және ол тоқтатылғанда, қайтарылғанда не жарамдылық мерзімі өткенде;

3) мемлекеттік бақылау нәтижесі және (немесе) оның қорытындысы бойынша сот ісі кезеңінде өрескел қате анықталғанда;

4) тиісті білім беру бағдарламаларының тобына Білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламалары реестрінде білім беру бағдарламасы болмағанда немесе алынып тасталғанда қабылдауды іске асырмайды.

8.2. Дулати университетіне магистратураға, докторантураға тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Дулати университетіне магистратураға, докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау Дулати университетінің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл

ішінде өткізетін әңгімелесу (сұхбаттасу) нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

8.3. Дулати университетиетіне шетел азаматтарын жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдау, қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің (сұхбаттасу) нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

8.4. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

8.5. Дулати университетінің жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Дулати университеті Басқарма Төрағасы - Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі университет Басқарма Төрағасы - Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Докторантураға түсушілер үшін университеттің қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды;

3) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді, КТ және/немесе түсу (шығармашылық) емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандарды өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

8.6. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер өтініштерін университеттің қабылдау комиссиясы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы береді және түсушілерге арналған шығармашылық

және түсу емтихандары **қабылдаудың Үлгілік қағидаларына** сәйкес көрсетілген мерзім аралығында жүргізіледі.

IELTS, TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), DSH (Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung, TFI (Test de Français International™), (Diplome d'Etudes en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français) шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары және стандартталған GRE (Graduate Record Examinations) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаттары бар тұлғаларға КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізу қажет.

Жоғарыда көрсетілген сертификаттардың балдарын аудару республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш бергеннен кейін немесе **қабылдаудың Үлгілік қағидаларының 1/1-2, 2, 3-қосымшаларға** сәйкес ақылы негізде Дулати университетіне қабылданған кезде жүзеге асырылады.

Дулати университетіне магистратураға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көрсетілген мерзімдерге сәйкес өткізеді.

Дулати университетіне докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдауды университеттің қабылдау комиссиялары және ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көрсетілген мерзімдерде жүргізеді.

GRE (Graduate Record Examinations) халықаралық стандартталған тест сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Көрсетілген сертификат балдарын түсу емтиханының балдарына ауыстыру қабылдаудың Үлгілік қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берген кезде жүзеге асырылады.

Дулати университетіне докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көрсетілген мерзімдерде жүргізеді.

Түсуші өтініш беру кезінде бір ЖЖОКБҰ мен бір білім беру бағдарламасының тобын көрсетеді.

Докторантураға түсуші тұлғалар **қабылдаудың Үлгілік қағидаларына** сәйкес құжаттар топтамасын тапсырады:

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институционал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді (бұдан әрі – қосымша тестілеу) тапсырады.

Қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның жеке кабинеті арқылы жолданады.

Қосымша тестілеу нәтижелері қосымша тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында көрсетіледі.

Қосымша тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және расталады және түсушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

Қосымша тестілеу сертификаты **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көрсетілген мерзім аралығында жарамды.

Дулати университетіне магистратура мен докторантураға қабылдау **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

9. Магистратураға қабылдау және кешенді тестілеу (бұдан әрі - КТ) өткізу тәртібі

9.1. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

9.2. Магистратураға түсуші адамдар **қабылдаудың Үлгілік қағидаларында** көрсетілген мерзім аралығында қабылдау комиссиясының техникалық хатшыларына (университеттің қабылдау комиссиясы арқылы) немесе «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы **қабылдаудың Үлгілік қағидаларының 2/1-1-қосымшаға** сәйкес "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын тапсырады.

Қабылдау комиссиясының техникалық хатшылары құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға өтініш келіп түскен күні бекітілген нысан бойынша құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

